




# *Қоркел өнер - қоркел бейне*



Құрылтайшы: Қазақстан Ұлттық Комитеті  
Халықаралық Мұражайлар Одағы  
ИКОМ Қазақстан Президенті Ү. Д. Мұналбаева

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ  
РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЙ ЖУРНАЛ

### Редакция алқасы:

Б. Б. Мажағұлов	Астана қаласы Мәдениет басқармасының басшысы
Ә. У. Тарази	Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
А. К. Кекілбаев	Абай атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты
Н. Т. Айт	С. Сейфуллин атындағы тарихи-өлкетану мұражайының директоры
А. Р. Умиршина	Астана қаласы Тәуелсіздік сарайының директоры
Б. Г. Аяған	Астана қаласы тарих институтының директоры
А. Ш. Нұрзахан	Алтын және бағалы металдары мемлекеттік мұражайының директоры
Ә. Е. Өтегенова	ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі бас-хатшысы
Б. К. Оразымбетова	ҚР Мәдениет қайраткері, экскурсиялық бюроның ғылыми-әдістемелік жөніндегі басшысы

### Выходные данные журнала

Республиканский научно-познавательный журнал  
«Астана қаласының мәдени мұрасы» - «Культурное наследие города Астаны» № 9/2014 г.  
Издается с марта 2014 года  
Периодичность – один раз в месяц  
Журнал выпускается при содействии Министерства культуры и информации РК, Управления культуры акимата города Астаны.  
Учредитель и издатель ГККП «Этно-мемориальный комплекс «Карта Казахстана «Атамекен» акимата города Астаны

Почтовый адрес редакции: 010000, Астана,  
Кургальджинское шоссе, 2/1  
тел.: +7 (7172) 24-31-72  
www.atamekenmap.kz, e-mail: madeni\_mura\_jurnal@mail.ru

Формат 18,5x28,7  
Бумага мелованная двусторонняя, плотность на 130 г/м<sup>2</sup>  
Обложка формата А4 плотность 250 г/м<sup>2</sup>  
Заказ № 9

Журнал зарегистрирован в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан.  
Регистрационное свидетельство № 14225-Ж от 4 марта 2014 г.  
Мнение авторов материалов может не совпадать с позицией редакции. За точность публикуемых сведений и цитат ответственность несут авторы материалов. Редакция оставляет за собой право редактировать материалы.  
Редакция не рецензирует и не возвращает рукописи.  
Журнал отпечатан в собственной типографии.  
Тираж 1000 экз.

## МАЗМҰНЫ/СОДЕРЖАНИЕ

4	Бас редактор бағаны
5	«Мәдениетке бейбітшілік арқылы»
6	Ақынның мерейтойы аталып өтті
8	«СӨКЕН СҰҢҚАР» қойылымы көрерменге жол тартты
13	Шетелде тұратын отандастардың халықаралық өнер фестивалі
16	Таланту возраст не помеха или фурор в Москве «АСТАНЫ БАЛЕТА»
18	To talent age is no disqualification or furor in moscow of «ASTANA BALLET»
20	«СӨЙЛЕ, СУПЕТ!» көрмесі ашылды
22	Иллюзии волшебства
23	Magic illusions
24	Элиталы мәдениет
26	Элита бухарского эмирата во всей красе
28	Жүректі тебіренген алғашқы махаббат
30	Яркие звезды – на «ШЕЛКОВОМ ПУТИ»
33	Мәдени кейіпкер
34	Көп ішекті шертпелі аспабы
36	Поиск лучших «СОЛОВЬЕВ» 37 Памятник – латвийским женщинам
38	Бауыржан Исаев, әнші: «Жұрт мені әлі күнге дейін «Аяулыммен» таниды»
40	Мұражай педагогикасы
46	Батыр ескерткіші ашылды
47	Бөгенбай батыр ескерткіші
48	Латвиялық әйелдерге арналған ескерткіш
50	Білім тарихы музейі
52	Қазыналы мұражайы
54	«Музей – ел шежіресі»
56	«Ұлттық дәстүрлер және әлемге ашықтық» көрмесі
57	Хан шатыр – қазақстан астанасының жаңа нышаны
58	Қуыршақ фестивалі
59	«ХАНУМА» – классикалық шығарма
60	Ашық есік күні
61	Қазақстандық авторлардың шығармаларына шетел жас пианистерінің қызығушылықтары артуда
62	Интерес зарубежных юных пианистов к произведениям казахстанских авторов растет
63	Interest of foreign young pianists in works of the kazakhstan authors grows
64	Акварель сикыршысы
65	Волшебник акварели
66	Республикалық әскери әндер радиотелефестивалі

**Бас редактор** – Әсем Сағиқызы

**Бас редактордың орынбасары** – Гүлжәмила Сәрсенбайқызы

**Тілшілер:** Татьяна Казанцева, Жәмила Сәрсенбай, Зылиха Салих, Сәзім Жүсіпқызы, Аслан Есен, Әсем Сағидолла,

**Аудармашы:** Марийка Иезели

**Дизайнер:** Раушан Танабаева

**Фотограф:** Ерсайын Болат

## Қадірлі оқырман қауым!

Ұлы адамдар туралы жазатын ұлағатты журнал қатарынан табылмағанымен, елімізге белгілі тұлғалар мен мәдениет және өнер қайраткерлерімен кездесіп, қазаққа ортақ ойды қозғап, баспасөз дүңгіршектерінде сатылымға әлі де болса түсіп үлгермеген мәдени журналымыздың тәй-тәй басып келе жатқан жайы бар. Өзі бір күндік болғанымен, тағдыры мың күндік, мәдени бағыты бар басылымның оқырмандарымызға ізгілік пен пайым-парасаттың жарқын үлгісін танытудан еш жалығып қалмақ емеспіз. Жоқтан өзгені жазбасақ та, көне тарихы бар мәдениетімізді насихаттау барысында тынбай еңбек етіп, ізденістерін тереңдету қаламы қарымды әріптестерімінің ұстанымына да жат болмаса керек.

Көшеде қазір не көп? Көз сүріндірер түрлі газет-журналдар дүңгіршектері көп. Қайсыбірін айтамыз. Күндердің бір күні, әйтеуір сол басылымдар арасында журналымыз сатылымыға шығып, алты Алашқа танымал болар деген сенімділік тек бізді алға сүйрелей түседі. Лайым солай болғай!

## Ардақты ағайын!

Қазақта «заманына қарай амалы» деген сөз бар. Дауылды жауын ету қолымыздан келмесе де, көзі қарақты оқырмандарымыздың тек ғаламтордың жетегінде жүре бермей, қазақ баспасөздерін оқуды жиірек қолға алып, аз да болса, жол сілтеп, жөн көрсетіп жүрсек деген ниеттеміз. Халыққа қызмет ету біз үшін олардың білімді, пікірлі, көргені көп, басқа жұрттан естімегендерін естіп, білмегендерін біліп, зейіндері өсіп жатса, қызметіміздің пайдалы болғанына қуанбасқа шарамыз жоқ, ендеше.

Құрметпен,  
Әсем Сағиқызы

# МӘДЕНИЕТКЕ БЕЙБІТШІЛІК АРҚЫЛЫ

**«Бейбітшілік, келісім және руханият мәдениеті» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы аясында Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумы президиумы мүшелері журналистерге арнап брифинг өткізді.**

Баспасөз мәслихатын ашқан Бүкіләлемдік рухани мәдениет форумының тең төрағасы, «Мәдениетке бейбітшілік арқылы» халықаралық ассоциациясының президенті Төлеген Мұхамеджанов алдымен халықаралық конференцияның мән-маңызына тоқталды. Оның айтуынша, бейбітшілік пен ізгілікке үндейтін бұл жиын 22 жыл қатарынан өткізіліп келеді. 1992 жылы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен рухани келісімнің Бүкіләлемдік алғашқы конгресі өткізіліп, 18 қазан қақтығыстар мен жанжалдарға тоқтау салу, қайырымдылық акцияларын өткізу күні болып жарияланған.

Конференцияға арнайы келген Бүкіләлемдік рухани мәдени форумның тең төрағасы, Этика институтының директоры, австриялық Вильгельм Аугустат мәдениет арқылы рухани келісімге қол жеткізудің жай-жапсарын айта келіп, өзі басшылық жасайтын «Еуропа — мәдениет арқылы бейбітшілікке» атты халықаралық ассоциациясының тарихына тоқталды. Бұл ұйымның негізі 1936 жылы қаланған екен. Бұдан кейін Израильден ат арытқан мәртебелі қонақ Эрнест Кхан сөйлеп, еліміздегі саяси жағдайға оң бағасын берді. Сондай-ақ, ол мәдениет арқылы әлемдегі жағдайды тұрақтандыру мәселесінде өзіндік үлесін қосып жүрген Төлеген Мұхамеджановқа алғысын білдірді. «Израиль

астанасы Иерусалим де бейбітшілікті қолдайды. Қала атауының өзі «бейбітшілік шаһары» деген мағынаны білдіреді. Мен Төлегенге деген құрметімді бейбітшілік құсы арқылы білдіргім келеді» деген Эрнест Кхан әріптесіне көгершін құсы бейнеленген шағын статуэтканы тарту етті.

«Бесік залында» ұйымдастырылған жиында әлемнің әр тарабынан келген мүйізі қарағайдай қоғам белсенділері бас қосты. Аргентина, Австрия, Германия, Грузия, Ливан, Израиль, Үндістан, Иран, Испания, Қырғызстан, Ресей, АҚШ, Украина, Франция және Швейцария мемлекеттерінен келіп, елорда төрінде емен-жарқын әңгіме айтқандардың басында Бүкіләлемдік рухани мәдени форумның тең төрағасы, «Мәдениетке бейбітшілік арқылы» халықаралық ассоциациясының президенті Төлеген Мұхамеджанов болды.

Осыдан кейін Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ералы Тоғжанов сөз алып, қонақтарға жылы лебізін білдірді. Сондай-ақ, Ресей Федерациясы президенті жанындағы Жекебас құқын зерттеу орталығының атқарушы директоры, ресейлік жекебас құқығы мектебінің проректоры Юрий Агешин, Жаһандық қауіпсіздік институтының президенті Джонатан Гранофф, Дағыстан Республикасының басшысы Рамазан Абдулатипов, Бүкіләлемдік рухани мәдени форумының тең төрағасы, «Еуропа — Мәдениет арқылы бейбітшілікке» халықаралық ассоциациясының президенті, Этика институтының директоры Вильгельм Аугустат секілді азаматтар жиынға қатысушыларды халықаралық ауқымдағы шиеленістің шешімін табуға шақырып, өздерін толғандырып жүрген мәселелерге сараптама жасады. Олардың бәрі 2015 жыл Қазақстан халқы ассамблеясына арналғанын қуана қоштап, бейбіт өмір мен келісімнің жолында еліміздің әлем алдындағы абыройы күн санап артып келе жатқанын жарыса айтты. Сонымен қатар, олар халықаралық тұрақтылықты сақтау жолында ғылым мен мәдениет, спорт пен дін қызметкерлерінің атқаратын әр жұмысы үлкен маңызға ие екенін өз әңгімелеріне арқау етті.

**Жамила БОЖБАН**

# АҚЫННЫҢ МЕРЕЙТОЙЫ АТАЛЫП ӨТТІ

---

**Құрылғанына ширек ғасыр болған Астанадағы Сәкен Сейфуллин мұражайы – ақынның артында қалған құнды жәдігерлерін ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып отырған бірден-бір ұйым. Бұған дейін Сәкен мұрасын жинақтауда елеулі еңбек етіп келген бұл мекеме қызметкерлері ақынның 120 жылдығы қарсаңында да ауыз толтырып айтарлықтай іс-шараларды өткізе бастады.**

Қазақтың маңдайына біткен біртуар азамат, ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 120 жыл толды. Саналы ғұмырын ұлтының қамын жеуге арнаған дара тұлғаның мерейтойы қарсаңында бірқатар игі шаралар қолға алынуда. Соның бірі – оқушылар арасында өтетін дәстүрлі «Сәкен оқулары» байқауы.

15 қазанда Сәкен Сейфуллин мұражайының ұйымдастыруымен ақын, жазушы, қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 120 жылдығына орай мектеп оқушылары арасында Астана қалалық дәстүрлі «Сәкен оқулары» байқауы өтті. Қалалық деңгейде

өтілетін бұл байқауға Астана қаласы бойынша 70-тен астам мектептің 7-11 сынып оқушылары қатысты. Байқау төрт номинациядан тұрды.

1. «Сыр сандықты ашып қара» номинациясы бойынша ақынның поэзиялық шығармасын мәнерлеп жатқа оқу;

2. «Қазақты қазақ дейік» номинациясы бойынша прозалық шығармасынан үзінді оқу;

3. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» номинациясы бойынша Сәкен әндерін орындау;

4. «Сәкеннің аманаты» номинациясы бойынша Сәкен өмірінен сахналық көрініс.

Байқаудың мақсаты – жасөспірімдер арасында С. Сейфуллиннің поэзиялық, прозалық шығармаларын кеңінен насихаттау. Мектеп оқушыларын әдеби көркем шығармаларды мәнерлеп оқуға ынталандыру. Сейфуллин шығармалары арқылы балаларды отансүйгіштікке, туған елді қадірлеуге, мемлекеттік тілді құрметтеуге, туған жердің табиғатын аялауға тәрбиелеу болып табылады.

Қалалық деңгейде өткізілетін бұл сайыс 2014 жылы қазанның 15 күні Сәкен Сейфуллин мұражайында ақынның

#### «Сәкен оқулары» байқауына қатысушы

120 жылдық мерейтойы қарсаңында қорытындыланды. Жеңімпаздар арнайы бағалы сыйлықтар мен мақтау қағаздарымен марапатталды.

Сонымен бірге, Сәкен Сейфуллиннің 120 жылдық мерейтойында мәдениет орындары да арнайы іс-шара ұйымдастырудан шет қалмады. Соның бірі әрі бірегейі, «Сәкен сұңқар» атты тарихи трагедиялық драманың премьерасы.

**Жамила БОЖБАН**

# «СӘКЕН СҰҢҚАР»

## ҚОЙЫЛЫМЫ КӨРЕРМЕНГЕ ЖОЛ ТАРТТЫ

Ұлтымыздың арда азаматтарының бірі, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 120 жылдық мерейтойына арналған қос бірдей драмалық шығарма көрерменімен қауышты. Оның біріншісін ақын, ғалым Ғазиз Ештанаев жазып шығып, «Жолайрық» деген атпен Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің «Ақ желкен» студенттік театрына ұсынса, «Сәкен-сұңқар» тарихи трагедиялық драмасының туындыгері – Қалибек Қуанышбаев атындағы мемлекеттік академиялық Қазақ музыкалық драма театрының әдебиет бөлімінің меңгерушісі Қанат Жүнісов, қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әлімбек Оразбеков.

Қазақ халқының дауылпаз ақыны, жалынды жазушысы, дарынды драматургы, мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің 120 жылдық мерейтойына орай сахналанған қойылым дүйім елдің құрметіне ие болған сырбаз Сәкеннің ғұмыр жолынан, ғибратты өмірінен үзік сыр шертеді. Сәкен өмір сүрген кезең, ұлттың ауыр тағдыры, азаттық, теңдік үшін тартыс, бәрі-бәрі тарих парақтарында ақтаңдақтар болып жазылды.

Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында белгілі әнші, актер, ақын-драматург Қанат Жүнісовтің «Сәкен сұңқар» атты тарихи трагедиялық драмасының қойылымы сәтті өтті.

Спектакльде басты кейіпкерлердің ролін сомдаған актерлердің Сырым Қашқабаяев (Сәкен), Болат Ыбыраев (Ахмет Байтұрсынұлы), Алтынай Нөгербек (Гүлбаһрам), Нартай Сауданбекұлы (Қадыржан), Боранбай Молдабаев (Сыдық), Жанат Оспановтың (Егор) шеберлігіне тәнті болған көрермен қауым оларға ұзақ уақыт қол соқты.

Осы қойылымды көру үшін арнайы Алматыдан келген танымал сәкентанушы, профессор Тұрсынбек Кәкішев актерлердің талантына жүрекжарды игі тілегін жеткізді. Осы соңғы аталған туындыны біз де барып көрдік. Байқағанымыз – авторлар өз шығармасында Сәкеннің қайраткерлік тұлғасын барынша ашуға тырысқан екен. Ол талпыныстары сәтсіз болмағанын айтуға тиістіміз. Олардың бұл еңбектеріне сәкентану ілімінің негізін қалаушы, Сәкен бейнесінің қалтарыстарын ашамын деп, алпыс жылға жуық уақыт тер төгіп келе жатқан әдебиеттанушы ғалым Тұрсынбек Кәкішев өз үлесін қосқаны да айқындалды. Иә, қойылым ғалымның Сәкен жайлы

жазғандарын есімізге оралтып отырды. Бас сәкентанушының өзі де премьер аяқталғанда пікірін білдіріп, авторлар мен рольдерді сомдаған актерлерге батасын берді.

Сахнаға көтеріліп, қойылым жайлы пікірін білдірген Тұрсынбек Кәкішев драма жазылып болған соң оны оқып бергенін, алайда, көп жері өзгергенін айтты. Гүлбаһрамның ролін ойнаған Алтынай Нөгербекке оның кейіпкері өмірде өжет болғанын жеткізіп, бейнені сәл көтеру керек деген ақылын қосты. Өзі де 1944 жылы Ақмолада актер болып жұмыс істегенін еске алды. Ең бастысы, осындай шығарма жас ұрпақты тәрбиелеуге таптырмайтын құрал екенін алға тартты. Оның осы сөзінің шындығына залдан шығып бара жатып көз жеткіздік. Оған драманы тамашалаған бір-екі қыздың «жыладық» деген сөзі себеп...

Сәкентанушы ғалым Тұрсынбек ағамыз айтқандай, бұл қойылым жер-жерлерде қойылуға тиіс, әр театрдың репертуарына кіруге тиіс, қазақтың ардақты ұлын осылай насихаттаса керек.



**Қуандық Шамахайұлы:**

# «Ең басты иммунитет – қазақтың төл мәдениеті»

**Қуандық Шамахайұлы**  
филология ғылымдарының кандидаты,  
ҚР Мәдениет қайраткері

**Журналистика саласының белгілі зерттеуші-ғалымы, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдық профессор, сатирик жазушы, ҚР Мәдениет қайраткері Қуандық Шамахайұлы ұлт тағдыры мен тарихын зерделеп, қоғамдық өмір шындығын пайымдаған мақалаларымен танымал тұлға. Ғалымның қаламынан туған шығармалары, онда көтерілетін талап-тілектері қоғамдық прогреске, рухани өрлеуге үндейтіндігімен ерекшеленеді.**

**Болашақ қоғамға және ұрпаққа мұра болып қалар ұлттық құндылықтарымыз жайында ғалым Қуандық Шамахайұлына бірнеше сауал қойып, сұхбаттасқан едік.**

– **Қуандық Шамахайұлы, әлеуметтік желілерде байқағанымыздай қоғамда болып жатқан өзгерістерге байланысты оқырмандарыңызбен үнемі ой бөлісіп отырсыз. Журналымыз мәдени бағытта жұмыс жасайтындықтан, алғашқы сауалымыз да адамзат әлемінің айнасына айналған мәдени ұғымға қатысты болғалы тұр. Сіздіңше, қазіргі қазақ мәдениетінің халі қандай күйде?**

– Адам өмірін мәдениеттен бөліп қарау мүмкін емес. Сол сияқты әлеуметтік желілерде болып жатқан мәселелер мәдениеттен оқшау өмір сүрмесе керек. Ал, менің көздеген мақсатым – қазақ тіліндегі желілердің мәдени деңгейін арттыру, сапалы дүниелерді көтеру. Сонымен қатар, жұртқа қажет танымдық ақпарат тарату. Осы себептен, қазіргі технологияның артықшылығын пайдалана отырып, ұлттық құндылығымызды насихаттап, білім, пайым мәселелерін дұрыс жаққа бұруды көздеймін. Бұл жерде ең басты мәселе, адамдардың пікір-сайыс мәдениетін қалыптастырудың маңызы айтарлықтай. Желіде ұсақ-түйек мәселелерге емес, ел мәдениетін көтеруге бағытталған және оның тағдырына алаңдаған жастарымыздың эстетикалық талғамы мен біліктілік деңгейін көтеріп, қалыптастыруға тырысып жүрген жайымыз бар. Себебі, аға буынның өмірлік тәжірибесі, олан түйген ақылы жастарға қай кезде болсын керек-ақ.

Ал, сіздердің журналдарыңызға келер болсақ, бағыты дұрыс екен.

Өйткені, сан-салалы, кең масштабтағы мәдениет тұрмыстық деңгеймен ғана өлшенбейді. Осы тұрғыдан алғанда дәл осындай журналдың мәдениетті насихаттап, халыққа белгілі деңгейде ықпал етері сөзсіз. Қазіргі қоғамда барлық дүние ақшаға ғана тіреледі деген ұғым қалыптасқан. Бұндай сыңаржақты пікірге қарсы тұрып, рухани қымбат қазынамыздың, ақшаға сатылмайтын мәдениетіміздің бар екенін естен шығармауда журналдың өзіндік ұстанымы бары қуантады.

Біздің қоғамымызда ойсырап кеткен ешнәрсе жоқ. Қазақ халқының атадан мұра ретінде келе жатқан көне мәдениеті бар. Бірақ, сыртқы күштің ықпалы бізде жетіп артылады. Ұлттық санадан жат субмәдениетке қарсы тұрар ең негізгі иммунитет – қазақтың төл мәдениеті. Ал, сол төл мәдениет құлдырамасын десек, мәдениетімізге қолдау қажет етілетіні сөзсіз. Десек те, қазіргі қазақ мәдениеті қалыпты жағдайда деуге болады.

**— Білуімізше, әдістемелік мәдениетін қалыптастырған жан өз шығармашылығын да қалыптастыруға бейім келеді екен. Бұл мәдениетті толық игеру біздің қоғамда не үшін қажет деп ойлайсыз?**

— Қазіргі заманның адамдары мәдениеттің барлық салаларын қамтып, хабардар болып отырғаны жақсы. Мәселен, дәстүрлі мәдениет, классикалық мәдениет және т.б. Одан басқа қазіргі заман мәдениетін де жоққа шығаруға болмайды. Қай мәдениетті алып қарасақ та, оның артықшылықтары мен ерекшеліктері, өзгешеліктері бар. Себебі, адам баласы жан-жақты болуға тырысуы керек қой. Белгілі деңгейде, жалпы адамзат баласы мойындаған, сынақтан өткен және қажет деп табылған мәдениетті меңгергеніміз дұрыс. Саналы түрде кісінің эстетикалық талғамы мен қабылдау мүмкіндігіне орай сай болғаны жөн. Соған сай оның әдістемесі де қалыптаспақ.

**— Фейсбук парақшасында «Теориялық журнализм» деген топ аштыңыз. Қазіргі және кешегі БАҚ-ң дамуына қатысты ойларыңызды жазып жүрсіз. Бұл қадам қазақ журналистикасында тартымды дүние тумайды деген пікірге қарсы соққы берген сияқты. Сіз не дейсіз?**

— Біздің қоғамда мынадай пікір қалыптасқан. Журналистика тәжірибе арқылы қалыптасады. Бұл бірінші топтағылардың пікірі. Ал, екінші топтағылардың пікірінше, табиғи дарыны мен қабілеті болса, бітті, жүре келе жазу қабілеті қалыптасады. Бірақ, практикалық білімнің теориясыз орнығуы мүмкін емес. Себебі, теориялық білімнің арқасында практикалық білім жүзеге асады. Практикадағы қызметтің міндетті түрде теориясы бар. Журналистиканы теориядан тыс қарастыра алмайтындығымыз, сондықтан.

Батыс елдерінде журналистика ертеден қалыптасқан. Алғашқы журналистика институтының ашылғанына да бір ғасырдан астам уақыт өтті. Әйгілі америкалық алғашқы медиа магнаты Джозеф Пулитцердің бастамасымен журналистік жоғары білім беретін оқу орны 1908 жылы ашылған болатын.

Біздің елімізде журналистика отызыншы-қырқыныншы жылдары пайда болды ғой. Біраз уақыт филология және лингвистика ғылымының тасасында қалып келгенімен, оның жанры, зерттеу әдістері мен тұжырымдамасы мейлінше қалыптасты.

Көптеген елдер журналистиканы философиямен ағастырады, өнер деп те қарастырады. Мен журналистика саласын жиырма жылдан бері зерттеп келемін. Фейсбук парақшасын ашуымның себебі, журналистика факультетінде оқитын көптеген студенттердің өтініші болатын. Алғашында [www.shabyt.com.kz](http://www.shabyt.com.kz) сайты ашқан едік. Осы сайтта журналистиканың теориясына байланысты лекциялар, аудио және бейнедәрістер қойылды. Жыл басында өкінішке қарай, сайтымыз бірнеше дүркін кибер шабуылға ұшырап, жабылып тынды. Содан кейін Фейсбук парақшасын қолдануымызға тура келді. Студенттер, магистранттар, зерттеушілер және жас журналистердің қойған сұрақтарына, теориялық мәселелеріне жауап беру үшін парақша аштық. Мұнымыз өз деңгейінде жемісін беріп отыр.

Журналистердің білім жетілдіру жүйесі бізде әлі қалыптаса қойған жоқ. Соған қарамастан, БАҚ саласына кез келген көлделен көк аттылар ақыл айтып, тіпті, түрлі семинар-тренинг ұйымдастыруды бизнеске айналдырып алды. Оған әсіресе, жас журналистер қатысып, дәріс алып жүр. Бұл жоқтан тәуір де шығар. Бірақ, сол «ұстаздардың» өздері алдымен журналистиканың қыр-сырына қанығып алулары керек қой. Ғылыми дәрежелері мен атақтарын айтпағанның өзінде базалық білім де алмаған жандар қалай ұялмай сабақ береді? Бұл шектен тыс жүрек жұтқандық қой. Саланы өзі білмейтіндер

себебіміз, аға буын өкілдері кеңестік журналистиканың жетегінде жүрсе, одан кейінгі жастар әлі өз бағытын тапқан жоқ. Базалық білім толық болмай, мамандық толық игерілмеген жағдайда осындай бейберекеттік туындайды. Талғамы жоғары оқырмандар өркениетке сай дүниелер талап етеді. Оған сай болу үшін журналистер көп ізденулері керек. Ұзын сонар мақалаларды қазір ешкім оқымайды, оқуға да төзімдері жетпейді. Айтар дүниені қысқа да нұсқа айтып, асқан шеберлікпен жазуға бейімделу шарт.

**— «Теориялық журнализм» негізінде институт ашқанға дейін семинар-тренингтер мен шеберлік сыныптарын өткізу ойларыңызда бар шығар.**

— Журналистика институтын ашуға байланысты дайындық жұмыстарын бастап кеттік. Институт ашу да оңай емес. Тағы да қаржыға барып тіреледі. Ал, оған дейін практикада жүрген журналистерді жинап, семинар-тренинг өткізу жоспарымызда бар. 2015 жылы редакциялармен келісе отырып, журналистердің білімін жұмыс орнында жетілдіруді қолға аламыз. Мәселен, белгілі бір телеарнаға барып, журналистің жасаған сюжеттерін көре отырып, ондағы кемшіліктерді, теориялық қайшылықтарды ғылыми тұрғыдан сараптап беруге келісім жасайық деп отырмыз. Институт ашылғанға дейін осылайша қысқа мерзімді семинар-тренингтер, кеңестерді редакцияның жұмыс орнында жүргіземіз деген ойдамыз.

Білім және ғылым министрлігі ұсынған гранттық байқауға ғылыми жоба ұсындық. Ол жобада практикадағы журналистердің кәсіби шеберліктерін шыңдау, біліктіліктерін арттыру мәселесі жан-жақты қарастырылған. Егер олар тарапынан қолдау табылса, бізге үлкен қолғабыс болар еді. Бұл жобаны кейде айтарлықтай маңызы аз тақырыптар да жеңіп алып жатады. Сарапшылар әділ бағасын берсе, біз ұсынған жоба қолдау табуға тиіс. Ол болмаған жағдайда халықаралық ұйымдар мен қорларға жүгінуімізге тура келеді.

**— Өзге саланың мамандарының журналистика саласында да қызмет жасап жүргені белгілі. Осы бір топ өкілдерінің кей жағдайларда журналистік жауапкершіліктен жалтаруы кездесіп қалып жатады.**

— Басқа саланың мамандары журналистикаға келіп, саланың білгір маманы атанып кеткендері практикада кездеседі. Жазуға қабілеті бар, оған әбден төселген экономистерді, заңгерлерді, медиктерді, инженерлерді журналист етіп, қайта даярлау, екінші мамандық етіп игерту де күн тәртібінде. Бұл шынайы ақпарат пен сауатты сараптама жасауға мүмкіндік беретіндіктен халық үшін пайдалы. Өзге саладан келіп жатқан мамандардың ағымын тоқтатуға, оған тосқауыл қоюға өз басым қарсымын. Табиғи таланты мен жазуға бейімі бар хас дарындар болса, келсін.

Журналистика — өзгеге ұқсамайтын ерекше әлеуметтік институт. Оның басты ерекшелігінің өзі қоғам алдында

өзгеге жөн сілтеуі кәсіби қателікке ұрындыратын қауіпті құбылыс.

Осы жағдайды ескере отырып және жас мамандардың сұранысын ескеріп «Теориялық журнализм» парақшасын жиі жаңартып отырамыз. «Теориялық журнализм» көптеген адамдардың ықыласына бөленіп, алдағы уақыттарда біз журналистердің кәсіби білімін жетілдіру институтын ашуды қолға алмақшымыз. Көп жағдайларда мақала жазудан, радио және телехабар дайындаудан журналистердің қолдары босай бермейді. Содан барып, журналистер өздерінің кәсіби білімін жетілдіре алмайды.

Қазіргі оқырманның деңгейі өте жоғары, олар кем дегенде үш тілде ақпарат алады. «Болашақ» бағдарламасы бар, өзгесі бар әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінде білім алған азаматтар көп. Оның сыртында шетелден келген қандастарымыз сол мемлекеттің тілін біліп келеді. Кейбір оқырмандар қазақ журналистиксын шетел журналистикасымен салыстырады. Мәселен, «Вашингтон», «Ю Эс Эй тудей», «Файнаншл Таймс» газеттерінің интернеттегі нұсқасын оқып алып, біздің газеттерді солармен салыстырады. Талап биіктегендіктен журналистер оған ілесе алмай жатқандары да шындық. Олай дейтін

зор жауапкершілік жүктейтіндігі. Себебі, журналистің қателесуі, ол таратқан теріс ақпарат, бұрмаланған ой-пікір қоғамды айықпас даудамайға қалдыруы мүмкін. Қауіп төндіруден, заңдылыққа қайшы келуден барынша сақтануға тиіспіз.

Сондықтан, журналист жауапкершілігінің жүгі өте салмақты. Егер журналист алдажалда қателескен жағдайда дереу кешірім сұрайтындай азаматтық батылдықты журналист үшін аса қажет. Баспасөз өз қателігін дереу жөндеп отырса, бұл қадам халық алдындағы адалдығымызды және жауапкершілігімізді аңғартады.

**— Бүгінде мәдени мұра туралы ойдың қозғалғанына көп болды. Мәдени мұраның мәдени үлгісін жасау барысында жіберген кемшіліктерімізді қайтсек жөнге келтіре аламыз?**

— Мемлекеттік саясатта мәдениетті қолдауға байланысты дүниелер өте көп. Бұл өз кезегінде «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы да зор рөл атқарды. Халқының рухани мәдениетін алдыңғы кезекке қоятын қоғам ғана осылай жасай алса керек. Осы бағдарламаға сай үкіметтен мол қаржы бөлінді. Менің анық байқағаным, «Мәдени мұра» бағдарламасында жасөспірімдерге, балаларға және жастарға арналған әлем әдебиетінің озық үлгілері сәтімен аударылып, жарыққа шықты. Бағдарламаның ұтымды тұсы да осы болды. Әлем елдерінің ортақ құндылықтарынан нәр алу арқылы біз заманға сай көшімізді түзейміз. Әлем әдебиетінің классикалық туындыларынан сусындаған бала мәдениеті жоғары зерделі тұлға болып қалыптасады. Оның сыртында бірнеше томмен өзіміздің ақын-жазушыларымыздың еңбектері де жарыққа шықты. Қазіргі «Білім және Мәдениет» телеарнасында көптеген дәрістер топтамасы жасалып, мұрағатқа енді. Осының бәрі мәдениетке жасалып жатқан үлкен қамқорлық.

**— Қазір қоғамда сізді жиі мазалайтын нәрсе ол не?**

— Біздің қоғамда жоғары білім алуға құлшыныс зор. Бұл қуанатын жағдай. Бірақ, университет бітірген түлектердің арасында жұмыссыздық кең етек алып бара жатқандығы алаңдатады. ЖОО-на түскеннен кейін тек диплом алу бірінші орынға қойылып, білім алу кейінге ысырылып жатқан жайы бар. Ата-аналар балам диплом алса болды деген кеңестік көзқарастан құтылулары керек. Себебі, нарықтық экономиканың заңы қатал. Қоғамда қандай сұраныс бар, сол сұранысқа сай білім алған жөн. Осы мәселе бізді мазалауға тиіс. Қоғамдағы сұранысты зерттеп барып, соған сай қызмет ету жағы бізде жетіңкіремейтін сияқты. Көбінесе бір-бірімізге еліктеу басым.

Барлық сала бойынша біліктілік қана бірінші орында тұру керек дегенге назар аударатын уақыт келді. Бүгінде әуесқойлық пен кәсібиліктің орнын ауыстырып алып жатқан жайымыз бар. Кейде екеуі мидай араласып кетіп те жатады. Студент кезінде «Жайдарман» атты көңіл көтеру бағдарламасы арқылы танымал болған жастарға біреулер театр ашып беріп жарылқап жатыр. Олар бейкәсіби әртістер болғандықтан еш нәрсеге қарамай киелі сахнаны «тойханаға» айналдырып жіберді. Сахналық деңгейдегі туындыларды асабалық деңгейде көрсету деген барып тұрған сорақылық қой. Әрі беріден соң, бұл қастерлі өнерді қорлау. Сахнаның киесін, құтын қашыру. Айтыс өнерін университеттің деңгейінде маман етіп дайындауды мүлде түсінбеймін. Астанадағы Қазақ ұлттық Өнер университетінде «Айтыс ақыны» деген бұрын-соңды классикаваторда жоқ, әлемде теңдессіз жаңа мамандық ашылыпты. Енді, басқаны қойып ақындықты да оқып игеретін болдық па? Оларды топырлатып дайындайтын болсақ, ертеңгі күні қайда барып қандай жұмыс атқарады? Тойларға барып асабалық етіп күн көре ме? Сол үшін мемлекеттен қаржы бөліп дайындап отыр ма? Түсінсем бұйырмасын.

Біздің қазақ ежелден өте қабілетті, еңбекқор халық. Көшпенділер өмірінде жалқаулануға мүмкіндік болмаған. Біз жасаған айранды, ірімшікті, қазы-қартаны, қымызды ешкім жасай алмайды. Меніңше, ұлттық технологиямызды жаңа үлгіде дамытуға, ата кәсібімізге сай мамандар дайындауға қолдау көрсетілуге тиіс секілді. Ұлттық өнімдерімізді әлемдік брендтің деңгейіне көтеру үшін айтыс ақындарынан гөрі ата кәсібіміздің әлемдік нарықта берері көп болар еді.

**— Сұхбатыңызға рахмет!**

# Шетелде тұратын отандастардың халықаралық өнер фестивалі

**Астана қаласында орналасқан Қазақ ұлттық өнер университетінің ғимаратында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен шет елдерде тұратын отандастарымыздың халықаралық өнер фестивалі өткізілді.**

Егеменді, тәуелсіз Қазақ елінің көк туының астында жиналып, сағыныш сезіммен, жүрегімізге ұялаған қуаныш-шаттығымызды өздерімен бөлісіп, дүбірлі думанда бас қосты.

Балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен қилы заманда, дүниенің төрт бұрышына тарыдай шашылып, «туған жер», - деп жан жүректері езілген, ата-бабаларымыздың кешегі асыл арманына қол жеткізіп отырған бүгінгі ұрпақ, шын мәнінде де, бақытты жаңдар!

Алты алаштың намысты ұл-қызының басын қосқан фестивалге Еуропадан, яғни Ұлыбритания, Франция, Австрия, Германия, Түркия, Беларусь, Украина, Швеция, Ресей және басқа елдерден келген бауырларымыз қатысты.

Сондай-ақ, қаймағы бұзылмаған қалың қандастарымыз өмір сүріп жатқан Қытай мен Моңғолия, Өзбекстан мен Қырғыз, Тәжікстан мен Иран, Ауғанстан, Нидерланды, Иордания, жалпы айтқанда, 20-ға жуық елден, 80-ге жуық бауырларымыз келіп қатысып, мерейімізді өсіріп отырғандығын атап өткізіміз келеді.

Фестивалдің салтанатты ашылуында Халықаралық фестивалға қатысушыларға арнап ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі М. Әзілханов, филология ғылымдарының докторы, профессор М. Жолдасбеков, Еуропа қазақтары қауымдастығының төрағасы Каюм Кеседжи өз құттықтауларын жеткізді.

Шара аясында «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты ақындар мүшәйрасы, термешілер сайысы және суретшілер көрмесі және өзге елдерден

келген қандастарымызға Елорданың ең көрікті жерлерін көрсетуге бағытталған саяхат ұйымдастырылды.

Фестиваль кезінде өткізілетін өнер додаларының әрқайсысының жеке ережелері мен бағдарламалары бекітілген. Оларға шетелде тұратын немесе еліміздің тыс аймақтарда туып өскен, қазір атажұртқа оралған жас қандастарымыз қатыса алды.

Бірінші орын иегері: Айжан Табарқызы, Монғолия мемлекеті;

Екінші орын иегері: Адал Сағдат, Қытай Халық Республикасы;

Үшінші орын иегері: Марғұлан Ақан, Қытай Халық Республикасы.

Еркін Исахан, Қытай Халық Республикасы, ақындар мүшәйрасы бойынша Бас жүлде иегері: - Мен «Менің тауларым» деген өлеңді ұсындым. Ол өлеңнің шығу тарихы Қытайда қалған өзімнің туып өскен жерімнің, азамат болып, ат жалынын тартып мініп, алғаш мені ақындыққа талпындырған сол таулардың биіктігі болатын. Содан туындаған туған жерге деген махаббат желісі міне жеңіске жетіп отыр. Өте қуаныштымын.

Өнер фестивалі аясында өткен сурет көрмесі бойынша Бас жүлдені Қабдеш Шалхаров, Қытай Халық Республикасы жеңіп алды.

– Қытайда 23 жыл бойы майлы бояу бойынша оқытушы болып қызмет етіп келемін. Бүгінгі бас жүлдеге ие болып отырған туындыларым жақында ғана шыққан шығармаларым. Қытай еліндегі қазақтардың тұрмысын, әдет-ғұрыпын бейнеледім. Өзіміздің салтанатты жақсы көштерімізді жаныма жақын көргендіктен үнемі қазақи тақырыпта салғанды ұнатамын. Жалпы Қазақ еліндегі біршама байқауларға қатысып жүлделі орындарға ие болып келемін. Қуаныштымын.

Ал, жыршы-термешілер сайысы бойынша Бас жүлдені Монғолия мемлекетінен келген Шерікбай Өзгерісұлы қанжығасына байлады.

– Бас жүлдені алғанға кім қуанбасын, қуаныштымын. Қандастарымыздың барлығы өте жоғары деңгейде өнерлі. Мен 4 сыныптан бері дәстүрлі әндерге қадам басып домбырада ойнап келемін. Бірінші Алланың сосын ата-бабамнан маған дарыған қасиеті деп ойлаймын.

Сан ғасырлық ата-баба салт-дәстүрі мен өнерін, рухани қазынасын бойына дарыта білген, дарынды өнерпаздардың, «Елім» – деп соққан жүректерінің лүпілімен, атажұрты қазақ жеріне деген, шексіз махаббатының, айшықты көрінісінің куәсі болдық.

